

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 218 – 220

UDC 316.315

## Children public organizations as a factor of socialization of the child

Nurlanova V.S.

vinara.nurlanova@mail.ru

Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Key words:** socialization, factor, associations, personality.

**Abstract:** Socialization covers all the processes of initiation to human culture, all kinds of communication, through which the social nature of man is formed, his/her ability to participate in society. Some of these factors affect a person throughout his/her life. Modern children's associations act as a special social institution to solve specific tasks independently and techniques.

УДК 316.315

## Балалар қоғамдық бірлестіктері – баланы әлеуметтендіру факторы

Нурланова В.С.

vinara.nurlanova@mail.ru

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** әлеуметтендіру, фактор, қоғамдық бірлестік, тұлға.

**Аннотация.** Әлеуметтендіру адамның мәдениетке араласуының барлық үрдісін, барлық қатынас жолын қамтиды. Соның көмегімен адамның әлеуметтік болмысы, оның қоғам өміріне қатысу қабілеттілігі қалыптасады. Осы факторлардың бірі – адамға бүкіл ғұмыры бойында, басқалары қалыптасудың белгілі бір кезеңдерінде ғана әсер етеді. Оған балалардың қоғамдық бірлестіктерін жатқызуға болады. Бірлестіктердің әсері тура жеке тұлғаның қалыптасу кезеңіне сай келетіндігін ескерген жөн. Қазіргі балалардың қоғамдық бірлестіктері ерекше міндеттерді өзінің әдіс-тәсілдері арқылы шешетін маңызды институт болып табылады.

Тұлғаны әлеуметтендіру әлеуметтік ортада өтеді. Зерттеу нысанымызға алып отырған мектептегі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар оқушылардың өз еріктерімен құрылатын әлеуметтік орта деп қараймыз. Көбіне мектептерде қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық бірлестіктерге қарағанда қоғамдық ұйымдар қалыптасқанын көре білдік. Қазақстан Республикасы «Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарының» Заңында «...қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар қоғам мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі негізінде құрылады және өзін-өзі басқару барысында іс-әрекетін ұйымдастырады», - делінген [1].

Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарының жұмысы тәрбиенің ізгілендіру және патриоттық бағыттарын қамтиды. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес, қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады», - деп атап көрсетеді. Негізгі міндеттерге жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағын қоғамның түсінуін актуалдандыру; балалар мен жасөспірімдердің және жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым-қатынасты реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістік құруды

ұйымдастыру; балалар мен жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауды ұсынады [2].

Тұжырымдамада тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады, - деп атап көрсетеді. Тәрбие мазмұнымен адам тұлғасының гуманистік құндылықтар жүйесін игеру негізінде қалыптасуын, оның барлық мәндік сферасының дамуын қамтамасыз етуге жұмылдырады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, аға (қарындас), патриот, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, қалалық (ауылдық), бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі тұрғысынан қамтылады [2].

Балалар қоғамдық ұйымы әлеуметтік тәрбиелеудің субъектісі болғаннан кейін өзінің аса ауқымды тәрбиелік мүмкіндігін жүзеге асыра алады. Бұл балалар қоғамдық ұйымының өзгеше мүмкіндіктерімен анықталады. Осы өзгешелікті А.Г.Кирпичник төмендегі түрде анықтаған:

1. Балалар қоғамдық ұйымы – әлеуметтік тәрбиелеудің негізінде құрылатын қоғамдық институт. Балаларды бірлестікке олардың әлеуметтік іс-әрекетке деген әлеуметтік-психологиялық жақындығы алып келеді.

Жеткіншектер үшін шынайы қоғамдық пайдалылықпен бейнеленген іс-әрекет қызықты. Мұндай іс-әрекетті құрдастарымен жалпы құрамда жүзеге асыру мүмкіндігі туындағанда оған деген қызығушылық арта түседі.

Қоғамдағы жағдайдың өзгеруіне қарамастан жеткіншектердің қоғамдық процестерге қатысуға деген талпыныстары қатысудың қандай формаларына бағытталғаны – әлеуметтік тәрбиелеудің аясындағы осы процесті басқаруға байланысты болу керек.

2. Балалар қоғамдық ұйымы – балаларды болашақ өмірге дайындайтын емес, бүгінгі өмірін ұйымдастыратын құрал болып саналады.

А.Г.Кирпичниктің пайымдауынша, балалар қоғамдық ұйымын тәрбиелеу құралы ретінде, баланы ересек өмірге дайындайтын құрал ретінде қарастырып отыр [3]. Бұл міндеттерді білім беру мекемелері (мектеп, қосымша білім беру жүйесі) орындай алады. Балалар қоғамдық ұйымдары компенсаторлық рөлді ойнайды, яғни арнайы ұйымдастырылған тәрбие процесінің жүйесінде өз орнын таба алмаған балалардың бүгінгі жағдайындағы орнын толтырушы вакуум іспеттес болады. Олар балалар мен жеткіншектердің әлеуметтендіруін реттеп отыратын балалардың тұлғалық дамуын педагогикалық басқару үшін қосымша мүмкіндіктер тудырады. Бұдан бөлек балалар ұйымдары мен бірлестіктер басқа тәрбиелеу институттарына қарағанда өз бетінше іс-әрекет етуін, істің жаңаша бастамасын ұсынуын, басқарушылық дағдыларды қалыптастыруды, басшылық қабілеттердің көріністерін ынталандыруды дамытуға аса көңіл бөледі.

Балалар қоғамдық ұйымының компенсаторлық рөлін кең түрде қарастыруға болады. Алдыңғы қатарлы мектептерде де қолайлы сезінбейтін балалар бар. Себептердің түрі де көп қарым-қатынастың қанағаттандырмауы, оқу іс-әрекетіндегі табыссыздығы және т.б. Бұл балалар қарым-қатынасты мектептен тыс іздейді және оны кейде әлеуметтік емес топтардан табады. Дәл осы жерден балалар қоғамдық ұйымының қажеттілігін көруге болады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастырылған қазіргі заманға сай балалар қозғалысы тек қана білім беру, тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды, тұрақты және іс-әрекет ететін гуманизацияланған фактор емес, сонымен бірге қоғамның толық факторы; балаларға қоғам тарапынан жағымсыз әсер еткенде қарсы тұратын шынайылық (әсер ету күші бойынша шешуші болмаса да); бұл әлеуметтік-мүліктік, ұлттық ерекшеліктерге байланысты жағдайларда балалардың айқындалған топтарын шынайы адами және әлеуметтік қорғаудың алтын дінгегі болып табылады [3].

Сонымен, балалар қоғамдық ұйымы бір мезгілде бірлестік те және оның әрбір мүшесі де болып саналатын объектілер мен субъектілердің өзара әрекеттесуі нәтижесі ретіндегі жұмыс болып қарастырылады. Балалар бірлестігі жеткіншекке (объект) іс-әрекетті қызықтыруда қалыптасқан дәстүрлермен әсер ететін құрал (субъект) ретінде, балалардың жолдастық ұжымдыққа деген

қажеттілігі – балалар қорғаушысы ретінде рөл ойнайды. Бала жаңа ұстанымды игеру процесінде өзінің бірлестікке, оның жеке мүшелеріне деген жеке тұлғалық әсер етуін күшейтіп, ұйымның және жеке өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісіне айналады. Дәл осы субъектілі және объектілі рөлдердің өзара әрекеттесуінде балалар бірлестігі мүшесінің ерекше ұстанымы қарастырылады. Жеке тұлғалық сатылар, балалардың оны игерудегі нәтижелері бар балалар және ересектер ұжымдастығының бірлескен күшімен құрылған тәрбиелеу кеңістігіндегі балалардың тұлғалық дамуының көрсеткіші болып саналады.

Балалар қоғамдық ұйымдардағы балаларға қажетті қол жетерлік әлеуметтік маңызды, іс-әрекетпен бірлескен және нәтижесі айқын көрінетін балалар мен ересектердің еркін түрде құрылған достастығы; бұл бірлестік іс-әрекетінің нәтижелеріне белсенді түрде әсер етуін субъекті ретінде бала өзін шынайы көрсете алатын демократиялық құрылым.

Қорытындылай келгенде оқушыларды қоғамдық бірлестіктерде әлеуметтендіруде біз төмендегі негізгі міндеттерді басшылыққа алдық:

- жастар тәрбиесінің болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектілендіру;
- интеллектуалдық, педагогикалық ұйымдастырушылық, тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда шоғырландыру;
- ашық ақпараттық, білім беру, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық кеңістікті құру, балалар мен жастардың жауапкершілікті және өз бетінше болу қажеттілігі үшін тәрбие ортасын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің рухани, интеллектуалдық және өз денсаулығы мен өмірі, әлеуметтік біліктілігі мен жауапкершілігін көтерудің ұйымдастырушылық жағдайларын жасау;
- жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне толеранттылық, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым қатынасты тәрбиелеу;
- қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа позитивті көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;

-кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттілігіне жағдай жасау.Әлеуметтендіру адамның мәдениетке араласуының барлық үрдісін,барлық қатынас жолын қамтиды.Соның көмегімен адамның әлеуметтік болмысы,оның қоғам өміріне қатысу қабілеттілігі қалыптасады. Осы факторлардың бірі – адамға бүкіл ғұмыры бойында,басқалары қалыптасудың белгілі бір кезеңдерінде ғана әсер етеді.Оған балалардың қоғамдық бірлестіктерін жатқызуға болады.Бірлестіктердің әсері тура жеке тұлғаның қалыптасу кезеңіне сай келетіндігін ескерген жөн.Қазіргі балалардың қоғамдық бірлестіктері ерекше міндеттерді өзінің әдіс- тәсілдері арқылы шешетін маңызды институт болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан Республикасы «Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарының» Заңы. – 1996. - № 1-3.
- [2] Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2000. – С. 47.
- [3] Кирпичник А.Г. Если цель у детского объединения педагогическая, оно не может быть общественным // Детское движение: матер. инф.-метод. – 2002. - Вып. 2. – С. 23-33.

#### REFERENCES

- [1] Kazakhstan Respublikasy “Kogamdyk birlestikter men yiymdarynyn” Zany. 1996. - № 1-3.
- [2] Kazakhstan Respublikasy “Bilim” memlekettik bagdarlamasy. – Almaty, 2000. – С. 47.
- [3] Kirpichnik A.G. Esli sel u detskogo obideneniya pedagogicheskaiya, ono ne mozhet byt obshestvennym // Detskoe dvizhenie: mater. inf. –metod. 2002. - Vyp. 2. – С. 23-33.

#### Детские общественные организации как фактор социализации ребенка

Нурланова В.С.

[vinara.nurlanova@mail.ru](mailto:vinara.nurlanova@mail.ru)

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Ключевые слова:** социализация, фактор, общественные объединения, личность.

**Аннотация:** Социализация охватывает все процессы приобщения к человеческой культуре, все виды связи, через которые социальная природа формируется человек, его способность участвовать в жизни общества. Некоторые из этих факторов влияют на человека на протяжении всей его жизни. Современные детские объединения действуют в качестве специального социального института, чтобы решить конкретные задачи самостоятельно.

V. S. NURLANOVA, Socialization covers all the processes of initiation to human culture, all kinds of communication through which formed the social nature of man.

Поступила 12.02.2015 г.